АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№ 3 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ.

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №3" ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ "ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА" УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

«02» 04 2025 жыл № 28

Шокпартоғай ауылы село Шокпартогай

**ББЖМ өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 55-бабының 4 тармағына,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларына,Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2025 жылғы 26 наурыздағы №49 Атырау облысы Білім беру басқармасының 2025 жылғы 31 наурыздағы №51 «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2025 жылдың 11-сәуірінде мектепте 4 және 9 сынып білім алушыларының арасында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (бұдан әрі-ББЖМ) жүргізілсін.
2.Мектептің әдістемелік кеңесіне:
1)2025 жылдың 11-сәуірде электронды форматта өткізілетін ББЖМ зерттеуін өткізу үшін кабинет дайындығы ұйымдастырылсын.
2)4-9 сынып бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек ұйымдастырылсын.
3)Академиялық адалдық қағидаларын қатаң сақталынсын.
3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп үйлестірушісі З.Нұрған жүктелсін.

**Негізі:** Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 55-бабының 4 тармағына,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларына,Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2025 жылғы 26 наурыздағы №49 Атырау облысы Білім беру басқармасының 2025 жылғы 31 наурыздағы №51 «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу туралы»

**Мектеп директоры:** **Ш.Унгарбаева**

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ

УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ　　　　　　　　　　　　　ПРИКАЗ

31 наурыз 2025 ж　　　　　　　　　№ 51

Атырау қаласы　　　　　　　　　город Атырау

**2025 жылы Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 55-бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 наурыздағы № 49 «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылғы 7–30 сәуір аралығында іріктелген орта білім беру ұйымдарында 4 және 9-сынып білім алушыларының арасында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (бұдан әрі–ББЖМ) жүргізілсін (Кесте-1).

2. Атырау облыстық Әдістемелік орталығы:

1) 2025 жылғы 7–30 сәуір аралығында ББЖМ-2025 зерттеуін ұйымдастырсын және электрондық форматта өткізуін қамтамасыз етсін;

2) тестілеуге қатысатын орта білім беру ұйымдарына ББЖМ рәсімінің нұсқаулығы бойынша әдістемелік көмектер ұйымдастырып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

3. Облыстық білім беру ұйымдарының, Атырау қалалық, Жылыой, Индер, Исатай, Құрманғазы, Қызылқоға, Мақат, Махамбет аудандық білім бөлімдерінің басшылары, Мемлекеттік емес жекеменшік білім беру ұйымдарының басшылары (келісім бойынша) ББЖМ өткізу кезеңінде:

1) білім алушылар үшін қауіпсіз жағдайларды тиісті деңгейде ұйымдастырсын;

2) ББЖМ рәсімін өткізуді сапалы ұйымдастыруды (мектептерде: мектеп үйлестірушісін, тест әкімшілігін, IT мамандарын анықтауды, білім алушылардың деректер қорын қалыптастыруды, аудиториялық қорын қалыптастыруды, тестілеу кезінде электрмен жабдықтаудың және телекоммуникациялық желі мен компьютерлік техниканың үздіксіз жұмыс

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады
Бланк без серийного номера недействителен

000367

істеуін ұйымдастыруды қамтамасыз етуді, оқушылардың қатысын, компьютерлік тестілеуді өткізу үшін қажетті ақпараттық-техникалық құрал-жабдықтармен қамтылуын, интернетке қосылған компьютерлік сыныптардың жеткілікті болуын және сыйымдылығын, қажетті жылдамдықпен қосылуын т.б. жәй-күйін қамтамасыз етсін;

3) Академиялық адалдық қағидаларын қатаң сақтасын.

4. Басқарманың мектепке дейінгі, жалпы орта, инклюзивті білім беру, білім беру сапасын талдау бөлімі ББЖМ-2025 зерттеуін өткізудің жалпы үйлестіруін қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма басшысының орынбасары С. Аманшиеваға жүктелсін.

**Басқарма басшысы** **М. Абуов**